

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының кейбір шешімдерін күші жойылды деп тану турал

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2021 жылғы 13 мамырдағы № 7/14 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 14 мамырда № 7428 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың Әдістемесін бекіту туралы" 2018 жылғы 30 наурыздағы № 23/3 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4646 болып тіркелген);

2) Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сергеевка қаласы мен ауылдық округтердің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" 2018 жылғы 29 мамырдағы № 25/2 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4759 болып тіркелген).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы
мәслихаты сессиясының төрағасы*

А. Амренова

*Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы мәслихатының хатшысы*

О. Амрин